

**ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«ЖАҢАТАС КӨПСАЛАЛЫ КОЛЛЕДЖІ» МЕМЛЕКЕТТІК
КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫНЫҢ
ПЕДАГОГТЕРІН ЛАУАЗЫМҒА ТАҒАЙЫНДАУҒА КОНКУРСТЫҚ
КОМИССИЯСЫ ОТЫРЫСЫНЫҢ**

№1 ХАТТАМАСЫ

Жаңатас қаласы, 22.08.2023 жыл

Өткізілген орны: Жаңатас көпсалалы колледжінің әдістемелік бөлімі.

Отырысқа қатысқан конкурстық комиссиясы құрамында:

- 1. Коданов Дуйсенбай Ойыкбаевич** - Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының «Жаңатас көпсалалы колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, комиссия төрағасы;
- 2. Сенбай Алтын Өтегенқызы** - Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту орталығының әдіскері, комиссия төрайымы;
- 3. Джолшибекова Алия Игенбайқызы** - Жамбыл облысы оқу ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің жергілікті кәсіподағының құқықтық қызметінің басшысы, комиссия мүшесі;
- 4. Утебаева Гульнур Мейрамалиевна** - Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының «Жаңатас көпсалалы колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының директордың ақпараттық технологиялар жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
- 5. Жамбаева Гулжан Ибижановна** - Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының «Жаңатас көпсалалы колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының химия пәнінің оқытушысы, комиссия мүшесі.

Күн тәртібінде:

Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының «Жаңатас көпсалалы колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынындағы бос лауазымына тағайындау конкурсы туралы

Конкурстық комиссия отырысын комиссия төрағасы **Д.Коданов** ашты.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша сөз комиссия мүшесі **А.Джолшибековаға** беріледі.

А.Джолшибекова:

- **Құрметті отырыс қатысушылары,** колледжде информатика жалпы пәндер оқытушысы, тау-кен ісі, техника и технология бойынша арнайы пән оқытушысы, әдіскер және химия арнайы пәндер оқытушысы бос лауазымдарына жарияланған конкурсқа келесі кандидаттар құжаттарын тапсырды.

2022 жылғы 21 қазанда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларының 121 тармағына сәйкес мемлекеттік ұйым кандидаттың құжаттарын қабылдағаннан кейін үш жұмыс күні ішінде сыбайлас жемқорлық қылмыс және/немесе қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны туралы мәліметтердің болуы не болмауы туралы Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің Ақпараттық сервисі арқылы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органға немесе оның аумақтық бөлімшелеріне, сондай-ақ педагог мәртебесі туралы Заңнаманы бұзу туралы сұрау салуды Білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету аумақтық департаментке сұраныс жолданған болатын.

Осы қағидалардың 118 тармағына сәйкес конкурсқа қатысуға ниет білдірген адамдардың құжаттарын қарап шықсаңыздар.

Информатика жалпы пән оқытушысына кандидат Бұзау Мөлдір Әбдірашитқызы 19,5 балл, тесттен өткен. Басқа кандидат жоқ.

Тау-кен ісі, техника и технология бойынша арнайы пән оқытушысына кандидат Аманбаев Бекайдар Есенұлы, 8,5 балл, магистр дәрежесі бар. Арнайы пән оқытушысы тесттен өтпейді.

Әдіскерге кандидат Байтанова Айнур Сериковна 17 балл, құқықтану бағыты бойынша магистр дәрежесі бар, жоғары оқу орнында жұмыс жасаған. Құқықтық пәндер бойынша авторлық оқу құралы дайындаған. Алайда, ғылым саласында қызмет атқарған, білім саласында жұмыс жасамаған, біліктілік санаты жоқ. Сонымен бірге, тест өтпеген. 57 бұйрыққа сай тесттен өтуі қажет.

Химия арнайы пәндер оқытушысына кандидат Әбутәліпова Шолпан Әбумәлікқызы 5,5 балл. Арнайы пән оқытушысы тесттен өтпейді.

А.Сенбай:

- **Құрметті отырыс қатысушылары,** жоғарыда айтылғандары ескере отырып шешім қабылдауымыз қажет. Осы ретте, информатика жалпы пән оқытушысына кандидат Бұзау Мөлдір Әбдірашитқызын, Тау-кен ісі, техника

и технология бойынша арнайы пән оқытушысына Аманбаев Бекайдар Есенұлын, Химия арнайы пәндер оқытушысы Әбутәліпова Шолпан Әбумәлікқызын жұмысқа қабылдауға ұсынамын.

Әдіскерге Байтанова Айнур Сериковна тесттен өтуі қажет. Тиісінше өтпейді.

Д.Коданов:

- Айтылған ұсыныстарды қабылдауға дауыс берулеріңізді сұраймын.

Аталған ұсыныс бойынша дауыс беріліп, бірауыздан келісілді.

Жоғарыда аталған мәселелерді қарастыра келе, конкурстық комиссия ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Конкурс қорытындысы бойынша информатика жалпы пән оқытушысына кандидат **Бұзау Мөлдір Әбдірашитқызы**, Тау-кен ісі, техника и технология бойынша арнайы пән оқытушысына кандидат **Аманбаев Бекайдар Есенұлы**, Химия арнайы пәндер оқытушысына кандидат **Әбутәліпова Шолпан Әбумәлікқызы** конкурстан өтті деп есептелсін, жұмысқа қабылдауға ұсынылсын.

2. Әдіскерге кандидат **Байтанова Айнур Сериковна** тест өтпегеніне байланысты конкурстан өтпеген болып есептелсін.

3. Кандидаттар өздеріне қатысты бөлігінде конкурстық құжаттармен және комиссия шешімімен таныстырылсын.


4. Конкурстың нәтижесі мектептің Интернет-ресурсында, немесе әлеуметтік желілерінің ресми аккаунтында жариялансын.

Комиссия төрағасы



Д.Коданов

Комиссия мүшелері



А.Сенбай

А.Джолшибекова

Г.Утебаева

Г.Жамбаева

Хатшы



Г.Айнекова